

Докторант Турдалиев Рауан Муратовичтың «8D01401– Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарындағы студенттердің спортпен жүйелі түрде айналысу деңгейі жеткіліксіз күйінде қалып отыр. Бұған оқу жүктемесінің артуы, цифрлық технологиялардың кеңінен таралуына байланысты қозғалыс белсенділігінің төмендеуі, спорттық инфрақұрылымның біркелкі дамымауы, студенттердің спортқа деген уәждемесінің жеткіліксіздігі сияқты факторлар әсер етуде. Соның салдарынан жастар арасында гиподинамия, денсаулық көрсеткіштерінің төмендеуі және салауатты өмір салты құндылықтарының әлсіреуі байқалады.

Сонымен қатар жоғары білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында студенттік спортты ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдері қазіргі қоғам талаптарына толық жауап бере бермейді. Бұл студенттік спортты дамытудың ғылыми негізделген тетіктерін, тиімді ұйымдастыру формалары мен басқару модельдерін әзірлеу қажеттілігін туындатады. Әсіресе жоғары оқу орындарының білім беру, тәрбиелеу және әлеуметтік қызметтерін кіріктіре отырып, студенттік спортты дамыту жүйесін жетілдіру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты жоғары оқу орындарында студенттік спортты дамытудың теориялық негіздерін айқындау, оның мазмұны мен құрылымын нақтылау, тиімді моделін әзірлеу және тәжірибелік тұрғыдан негіздеу қазіргі дене шынықтыру және спорт ғылымы мен білім беру практикасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Диссертация құрылымының қысқаша сипаттамасы және оның ерекшеліктері.

Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, ғылыми болжамы, жетекші идеясы, зерттеудің әдіснамалық негіздері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар баяндалған.

«Жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорт мәселесі дамуының ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде студенттік спорт мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерттелу деңгейіне талдау жасалып, жоғары оқу орындарындағы студенттік спорттың даму ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар студенттік спорттың жоғары жетістікті спортшыларды даярлаудағы рөлі мен мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан негізделген.

«Қазіргі кезеңдегі жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорт дамуын модельдеу» атты екінші бөлімде «студенттік спорт» ұғымының мәні, мазмұны мен құрылымы нақтыланып, жоғары оқу орны жағдайында студенттік спортты дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген. Сондай-ақ Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорттың нақты жағдайына талдау жүргізіліп, оның даму деңгейі мен өзекті мәселелері анықталған.

«Студенттік спортты дамыту моделінің тиімділігінің эксперименттік негіздемесі» атты үшінші бөлімде студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысуының бастапқы деңгейі айқындалып, Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытуға бағытталған жобаның мазмұны сипатталған. Сонымен қатар ұсынылған модель мен оны іске асыру жолдарының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденіп, тиімділік критерийлерінің оң динамикасы көрсетілген.

Қорытындыда зерттеу нәтижелері жүйеленіп, негізгі ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар берілген.

Диссертацияның ерекшелігі жоғары оқу орны жағдайында студенттік спортты дамытудың теориялық негіздерін кешенді түрде қарастыруында, «студенттік спорт» ұғымының мазмұнын нақтылауында, студенттік спортты дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуінде және оның тиімділігін Батыс Қазақстан университеттері базасында эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуінде болып табылады.

Ізденушінің нәтижелерді алуға жеке үлесінің мәні диссертация тақырыбы бойынша ғылыми философиялық, педагогикалық, психологиялық және арнайы әдебиеттерге терең талдау жасап, жүйелеуде; айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау эксперименттерін алдын ала жоспарлап, тиімді ұйымдастырып, жүргізуде; диагностикалық зерттеу нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеуден өткізуде, зерттеу нәтижелерін Қазақстан республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus халықаралық базасына енген шет елдік басылымда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинақтарында жариялануында көрініс табады.

ҚР ҒЖБМ философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын талаптары шеңберінде автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелері.

1. Жоғары оқу орындарындағы студенттік спортты дамытудың қазіргі жағдайы отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерді кешенді талдау негізінде зерделеніп, оның теориялық алғышарттары мен даму үрдістері айқындалған.

2. «Студенттік спорт» ұғымының ғылыми-педагогикалық мазмұны нақтыланып, оның мәндік сипаттамалары, құрылымдық компоненттері мен ерекшеліктері жүйеленген.

3. Жоғары оқу орындарында қазіргі кезеңдегі студенттік спортты дамытудың мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық және нәтижелілік

